

Карсыбаева А.М.

Оңтүстік Қазақстан мемлакеттік педагогикалық университеті, Қазақстан

Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық қабілетін дамыту

Шығармашылық өзінің табиғатынан жаңа дүние жасауға деген ұмтылысқа негізделген құбылыс. Адамның шығармашылық бастамасы-әрқашан алға, дамуға, әдемілікке ұмтылудың ең жоғары және кең мағынасы болып табылады.

Шығармашылық бастама баланың бойынша фантазия мен қиялды қалыптастыру қабілетіне ие. Тұлғаның, ең алдымен баланың жеке басының шығармашылық дамуына байланысты педагогикалық мәселелерді дамытуға өткен ғасырдың 30-жылдарында қажырлы еңбек еткен Б. Асафьев аз ғана болса да шығармашылықтың қуанышын сезінген бала басқаларға еліктейтін балаларға қарағанда өзгеше болады деп жазған.

В.Луначарский, П.П.Блонский, С.Т.Шацкий, Б.Л.Яворский, Б.В.Асафьев, Н.ЯБрюсовтардың тәжірибелеріне сүйене отырып, балаларды оқыту және тәрбиелеу туралы ғылымның жарты ғасырлық дамуымен байытылған, В.Н.Шацкая, Н.Л.Гродзенская, М.А.Румер, Ч.Рошаль, Н.И.Сац бастаған үздік мұғалімдер жеке тұлғаны қалыптастырудағы шығармашылықтың маңыздылығын теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелдеуді жалғастырды.

«Шығармашылық» ұғымын зерттеушілер әртүрлі тұрғыдан: бірі-әлеуметтік маңызы бар жаңа, ерекше құндылықтарды құру ретінде; енді бірі-жаңа нәрсені жасау, оның ішінде субъектінің ішкі әлемі ретінде; үшіншісі-қозғалыс көзімен механизмі, заттың атрибуты ретінде ашты. (С.Рубинштейн, Л.Выготский, Я.Пономарев)

Кейбір ғалымдар шығармашылықтан ғылыми талдауға жатпайтын адам рухы көрінісінің ең айқын еркіндігін байқайды. Бірқатар дереккөздерде шығармашылық сапалы жаңа нәрсені тудыратын және өзіндік әлеуметтік-тарихи бірегейлігімен ерекшеленетін қызмет ретінде қарастырылады.

Заманауи мәдениет және әлеуметтік-экономикалық реформалар жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процестерін үнемі жетілдіру, адамның шығармашылық қабілеттерін жүйелі түрде дамытуды қамтамасыз ету қажеттілігіне алып келеді, бұл оның қиялдау, ойлау, шешім қабылдау және ерік сияқты көптеген маңызды қасиеттерін ашуға ықпал етеді.

Осыған орай, білім беру мекемелері білім жүйесінде инновацияларды жүзеге асыруда жетекші рөл атқаратын шығармашылық мұғалімдерге мұқтаж. Мұғалімнің педагогикалық әс-әрекеттерінің тиімділігіне кәсіби шығармашылық әсерінің өзектілігі қазіргі білім беру жағдайының ерекшеліктерімен анықталады, ол дамудың қарқындылығымен және соңғы кезде қалыптасқан жүйелі қайта құру динамикасымен сипатталады.

Оқу процесінде болашақ мұғалімнің педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру-оның кәсіби және шығармашылық тұлға ретінде дамуының маңызды аспектісі болып табылады, ол өз қызметіндегі шығармашылық мақсаттарын түсінуге, ізденуге, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын формалары мен әдістерін таңдауда саналуандыққа, тұрақты кәсіби және өзін-өзі дамытуға қабілетті болады.

Болашақ мұғалімнің тұлғалық дамуына, жеке басының шығармашылық жағын анықтауға мүмкіндік беру, табысты жұмысқа жеке қызығушылықты ояту, шығармашылық өзін-өзі дамыту қажеттілігін ынталандыру-педагогикалық кадрларды дайындаудағы бағыттар бүгінде басты болып табылады.

Мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы жалпы және музыкалық педагогика саласындағы зерттеушілердің өзекті мәселесі болып табылады. М.С.Каганның пікірінше, жеке тұлғаның шығармашылығы педагогикалық қызметтің көптеген салаларында бар педагогикалық үрдіс үнемі шығармашылық ізденіспен байланысты, мұғалім бүгінгі музыкалық білім берудің өзгереріс процестерінде өзінің кәсіби көзқарасын, жеке ойын қалыптастыруы керек.

Педагог-музыкантқа музыкалық білім беру әдістемесінің мәселелерін өз бетінше шешуде өзінің шығармашылық дағдыларын жетілдіру қажет.

Педагог-музыканттың өзі жұмысына деген шығармашылық көзқарасы музыка сабақтарын ұйымдастырудың схемаларын өзбетінше құрастыруға, оқу-тәрбие үрдісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік береді. О.А.Апраксинаның ойынша музыка пәнінің мұғалімі мамандығы күрделі және жан-жақты бола отырып, көптеген жеке қасиеттердің болуын талап етеді және қызметтің ерекше түрі ретінде жаңа және прогрессивті дүниелерді іздеуге негізделген үнемі өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді.

Шығармашылық, мақсатты тұлғаны анықтайтын басты сапа-жаңашылдыққа деген қажеттілікті дамыту, озық тәжірибені зерттеу, өз іс-әрекетінің нәтижелерін практикалық түсіну, музыкалық білім берудің перспективалық міндеттеріне кең көзқарас болып табылады.

Заманауи музыка сабағы өнер сабағы ретінде барлық қажетті элементтерді біріктіретін "музыка өнері"деген біртұтас ұғымға сәйкес болуы тиіс.

Музыка сабағында музыкалық тәрбиенің маңызды міндеттерін жүзеге асыру-жоғары музыкалық-эстетикалық және көркемдік талғамды қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерді дамыту, педагог-музыканттың шығармашылық дағдыларын жетілдіруін, үнемі өзбетінше білім алуға ұмтылуын, педагогикалық шеберлігін арттыруын талап етеді.

Педагогикалық шығармашылықты Д.Б.Кабалевскийдің музыка бағдарламасына сәйкес оқытудың жетекші әдістерінің бірі ретінде музыка сабағының музыкалық драматургиясының құрылуымен байланыстыру қажет. Музыкалық драматургия педагогикалық жоспар, эмоционалды қалып, жеткізу логикасы және т.б. шығармашылық аспектілерді қамтыған.

Мұғалімнің шығармашылық қызметі оқушылардың жағдайы мен тәртібін тез және дұрыс бағалап, шешім табуға мүмкіндік беретін педагогикалық импровизацияны да қамтиды. Мұнда мұғалімнің жалпы мәдениеті, оның педагогикалық-психологиялық сауаттылығы мен ғылыми эрудициясы үлкен рөл атқарады.

Музыка өнерінің табиғаты музыка мұғалімінің шығармашылығына үлкен мүмкіндіктер ашады. Өйткені, ол тек санада емес, сонымен қатар музыкалық шығармаларды интерпретациялауда композициялық ойды, идеяны, көркемдік бейне мен шығарманың мағынасына жету негізінде көрінеді.

Бұл үрдісте музыканттың музыкалық есту қабілеті, ақыл-ойы, оның музыкалық тәжірибесі, көркемдік экспрессивтілік құралдарын игеруі шешуші рөлді ойнайды.

Д. Б. Кабалевский педагог-музыканттың кез-келген жағдайға бейімделу, әдістемелік білімді, дағдылар мен оларды біріктіру, дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерін ұштастыру қабілетінде көрінетін педагогикалық әрекетке шығармашылық көзәрастың қажеттігін атап өткен.

Музыка мұғалімінің шығармашылығы, оның педагогикалық шеберлігі мектептегі жұмысының алғашқы өзбетінше қадамдарынан басталады.

Өз кәсібін шығармашылық түрде меңгеру бар тәжірибені сыни түсінуді, педагог, зерттеуші, жаңашылдық қабілет пен бастамаларды дамытуды талап етеді. Педагог-музыканттың жоғары эстетикалық идеалдары болуы, арнайы музыкалық әдебиетпен жұмыс жасауда педагогикалық фактілер мен құбылыстарды дәлелдеп, өз қызметін сыни бағалау және талдауға тиіс. Л. А. Баренбоймның ойынша, университетте әдістемелік ізденістерге, эксперименттерге, тәуелсіз ойлау және тәуелсіз әрекеттерге, білім үздіксіздігіне үйренбеген болашақ музыка мұғалімі сөзсіз догматикке айналады. Жоғары оқу орнында өзінің білімін үнемі жетілдіруді, шығармашылық ізденісті, музыкалық қабілеттерін дамытуды талап ететін өзінің болашақ мамандығының маңыздылығын түсінуі студент үшін өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Кан-Калик, В.А., Никандров, Н.Д. Педагогическое творчество/ В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандров. -М.: Педагогика, 1990
2. Юдина, Е. И. “Мой первый учебник по музыка и творчеству”/-М.: Аквариум, 1997
3. Выготский Л.С. Проблема культурного развития ребенка// Выготский Л.С. Проблема культурного развития ребенка (1928)// Вестн. Моск. ут-на. Сер. 14, Психология. 1991
4. Теплов Б. М. Способность и одаренность. //Психология индивидуальных различий. Тексты. М. 1982